

*Д. Ө. Өзбеков, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;  
А. Т. Жумашева, заң ғылымдарының магистрі  
(Е. А. Бәкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП СИПАТТАМАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан Республикасының жаңартылған қылмыстық құқығында барлық ұйымдасқан сыбайлас қатысу нысаналары, аса жоғары дәрежелі ұйымшылдықпен және тұтастығымен сипатталатын, бір түрлік «қылмыстық топ» ұғымына біріктірілген. Қылмыстық топқа тән белгі ретінде ұйымшылдыққа енетіндер: екі немесе одан да көп адамдардың бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға жоспарларын дайындауы, алдын ала рөлдерін өзара бөлу, құралдарды дайындау немесе мүмкін болатын кедергілерді жою, ұрланғандарды, іздерді, немесе сол қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамдарды және т. б. жасыру және өткізу үшін алдын ала шарттарды дайындау.

Қолданыстағы қылмыстық заңға сәйкес қылмыстық топ деп: 1) ұйымдасқан топ; 2) трансұлттық ұйымдасқан топ; 3) қылмыстық ұйым; 4) трансұлттық қылмыстық ұйым; 5) қылмыстық қоғамдастық; 6) трансұлттық қылмыстық қоғамдастық; 7) террористік топ; 8) экстремистік топ; 9) банда; 10) заңсыз әскерилендірілген құралым ұғынады.

Бір жағынан, заң шығарушы тұрғысынан осындай көзқарас құқық қолданушыны қылмыстық топтың нақты түрін анықтау қажеттілігінен босатады. Бірақ Қазақстан Республикасы ҚК 31, 4 және 5-б.б. Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда қылмыстық топты ұйымдастырғаны және оған басшылық еткені үшін, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады. Қылмыстық топтың басқа қатысушылары Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оған қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады деген келесі ереже бекітілген. Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларға әртүрлі сипаттағы қылмыстық топтарды ұйымдастырғаны, басшылық еткені және қатысуы үшін жауаптылықты бекіту 182, 262-286 баптарында көрсетілген. Яғни, қылмыстық топқа қатысушылардың әрекетін дұрыс саралау үшін заң қолданушы осындай топтардың нақты түрін бекітуі міндетті.

Қылмыстық топтардың түрлерінің заңнамалық анықтамаларын талдау көрсеткендей, олардың бірқатары біртекті, ал басқалары оған қатысты оның тектес түрлері болып келеді.

Яғни, трансұлттық ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым ұйымдасқан топтың түр астылары болып табылады. Олардың барлығында ұйымдасқан топтың белгілері бар (екі және одан да көп адамдардың болуы, тұрақтылығы, белгілі бір біріктірілу мақсаты бар), бірақ сонымен бірге қосымша ерекшелендіретін белгілері де бар. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, өз кезегінде, қылмыстық қоғамдастықтың тектес түрі болып табылады.

Қылмыстық қоғамдастық ұйымдасқан топтардан басқа тектес түрлерінен жоғарғы дейгейде ұйымшылдығымен ерекшеленеді, ол нақты көрсетілген құрылымдық бөлімдердің бар болуымен көрсетіледі. Құрылымдық бөлімдер әртүрлі белгілермен даралануы мүмкін. Мысалы, ұйымдастырылуы (бригада, буын, оңтайлы топтар және т. б.); қызмет етуі (атқосшы, қалташы, жарушы, киллер және т. б.); аумақтық (жергілікті, бөтен, шетелділіктер және т. б.); «жеке құрамы» бойынша (көшелік ұры-қара, спортсмендер, құқық қорғаушы органдардың бұрыңғы қызметкерлері, афганецтер және т. б.).

Ұйымдасқан топтың, қылмыстық ұйымның және қылмыстық қауымдастықтың трансұлттық сипатына келесі жағдайлар көрсетеді: 1) қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мемлекеттердің аумағында жүзеге асырылады; 2) қылмыстық құқық бұзушылық бір мемлекеттің аумағында жүзеге асырылады, бірақ басқа мемлекеттің аумағында дайындалады немесе оны жүзеге асырылуы басқа мемлекеттің аумағында біріктіріледі; 3) қылмыстық құқық бұзушылық бір мемлекеттің аумағында жүзеге асырылады, бірақ ұйымдасқан топтың құрамына бірнеше мемлекеттердің азаматтары енеді.

Террористік топ және экстремистік топ, олардың жасалатын қылмыстың сипатына қарай топтарға бөлінген. Сонымен қатар, заңды тұрғыда бекітілген террористік және экстремистік қылмыстардың тізімдері көп жағынан бір біріне сәйкес келеді.

Банда басқа ұйымдасқан топтардан екі белгісімен ерекшеленеді: 1) қаруланғандығымен; 2) азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтіндігімен. Сонымен қатар, жаңа қылмыстық заң банданың қарулануы белгісін кең талдауға негіздеме береді, себебі банданың мүшелері қару ретінде пайдаланатын заттармен де қарулануы мүмкін.

Заңсыз әскерилендірілген құралымды анықтай отырып, заң шығарушы құралым ретінде танылуы үшін мүшелерінің қажетті минималды саны — ең аз дегенде үш адам болу керек; оның түрлерінің үлгілі тізімі — бірлестік, жасақ, дружина немесе өзге де топ; осындай құралымның заңсыздығы, қарулануы және ұйымдасуы.

Көрініп тұрғандай, ұйымдасқан қылмыстық әрекеттер заңмен қарастырылған қылмыстық топтың түрлері және тектес түрлер шеңберінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қылмыстық топтың қылмыстық-құқықтық белгілерімен қатар, олардың криминологиялық белгілері бар, олар қылмыстық-құқықтық белгілерді ашады, нақтылайды, толықтырады. Көрініп тұрғандай, топтар ұйымдасу деңгейі, құрылымы және қылмыстық бағыттылығы жағынан біркелкі емес. Ол экономикалық, әлеуметтік, географиялық және этникалық факторлармен байланысты. Сондықтан ұйымдасқан қылмыстылықтың деңгейін ескеру қажет, ол оның белгілі бір аумақта қалыбын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Ұйымдасу деңгейіне байланысты қылмыстық топтардың келесі түрлері бөлінген: желілік қылмыстық қауымдастық; иерархиялық қылмыстық қауымдастық. Қазақстанның жаңа қылмыстық заңнамасында берілген саралауды қолдана отырып ұйымдасу деңгейіне байланысты қылмыстық топтың келесі түрлерін бөлуге болады, олар ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 36-т.), қылмыстық ұйым (ҚР ҚК 3-б. 25-т.) және қылмыстық қоғамдастық (ҚР ҚК 3-б. 23-т.). Ең жоғарғы деңгейде желілік құрылымды криминальды ұйымдармен ұсынылған (әдетте, мұндай құрылымдар екі және одан да көп басқару сатылары болады).

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды әрекетінің аумақтық қарқындылығына сәйкес аумақтық, аумақ аралық, барлық елдер аумағында әрекет етуші және трансұлттық (халықаралық) деп бөлуге болады. Яғни, қылмыстық топтардың тектес түрлері, трансұлттық ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-б. 35-т.), трансұлттық қылмыстық ұйым (ҚР ҚК 3-б. 34-т.) және трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (ҚР ҚК 3-б. 33-т.) әрекетінің аумақтық қарқындылығына қарай халықаралыққа, ал қалған басқаларын — мемлекет ішлікке жатқызуға болады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарды әрекеттерінің бағыттарына байланысты саралауға болады, яғни олар қандай түрдегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жүзеге асырылуына және біріктірілуіне байланысты. Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңнамасында берілген саралау критерийі бойынша ұйымдасқан топтың келесідей тектес түрлері бөліп көрсетілген. Олар террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым.

Жалпылама, 2014 жылғы Қазақстан Республикасы ҚК сыбайлас қатысу институтын жетілдіру қылмыстық қол сұғушылықтан қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғаудағы маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге үндейді, ол өз кезегінде ұйымдасқан қылмыстылықтың өсу және оның трансұлттық деңгейге шығу жағдайында ерекше маңызды болып келеді